



**БЕКІТЕМІН:**

**ДіКББД ШҚ ҒӘ «Дарын»**

**орталығының директоры**

**Г. Рахимжанова**

**2026ж.**

## **«Көктем дауысы» облыстық вокалистер**

### **байқауының ережесі**

#### **I. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже «Көктем дауысы» облыстық вокалистер байқаудың (бұдан әрі – Байқау) мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді, өткізу және қаржыландыру, қатысу, жеңімпаздары мен жүлдегерлерін айқындау тәртібін анықтайды.

2. Байқауды ұйымдастырушылар: Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың Шығыс Қазақстан ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы».

3. Байқаудың мақсаты: вокал шығармашылығында дарынды оқушыларды анықтау және қолдау, қосымша музыкалық білім беру мекемелерінде оқушыларды қамтуды арттыру.

4. Байқаудың міндеттері:

- оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту, әншілік дағдыларын іске асыру үшін жағдай жасау;
- балаларды музыкалық мәдениетке баулу;
- орындаушылық шеберлікті арттыру;
- жас вокалистердің музыкалық шығармашылығын насихаттау;
- оқушылардың музыкалық және жалпы мәдени құндылықтарға деген қызығушылығын арттыру.

#### **II. Байқаудың Ұйымдастыру комитеті**

5. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) құрылады.

6. Ұйымдастыру комитеті:

- байқауды өткізудің жалпы тәртібін айқындайды;
- тікелей басшылықты жүзеге асырады;
- байқауға қатысу үшін өтінімдер мен қажетті материалдарды қабылдайды;
- байқаудың қазылар алқасының құрамын қалыптастырады және бекітеді;
- байқау жұмысын бағалау критерийлерін анықтайды;
- қорытындыларды талдайды және жинақтайды.

7. Байқаудың қазылар алқасы қатысушылардың өнерін бағалайды, қорытындылайды, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.

8. Қазылар алқасы келесі критерийлер негізінде бағалауды жүзеге асырады:

1) **вокалдық шеберлік және орындау техникасы** - орындаудың тазалығы, интонацияның тазалығы, дауыс диапазоны, техниканың осы жанрына тән стильге сәйкестігі, репертуардың күрделілігі, өзіндік ерекшелігі, маақ сезімі, микрофонды

пайдалана білу, репертуардың жас санаты мен Орындаушының мүмкіндіктеріне сәйкестігі);

2) **орындаушылық шеберлігі** — презентация, көрерменмен байланыс, орындалатын шығарманы ұсына білу, қосымша мәнерлі құралдар (қосалқы би және т.б.);

3) **сахналық образ-өзін-өзі көрсету**, киім үлгісі, деректеме, макияж.

### **III. Байқауға қатысушылар**

9. Байқауға Шығыс Қазақстан облысының жалпы орта және қосымша білім алушылары келесі жас санаттары бойынша қатысады:

1) кіші жас тобы: 6-9 жас;

2) орта жас тобы: 10-13 жас;

3) жоғарғы жас тобы: 14-17 жас.

### **IV. Байқауды өткізудің шарттары мен тәртібі**

10. Байқау мынадай номинациялар бойынша өткізіледі:

- эстрадалық вокал (соло, дуэт, трио, квартет);

- халық вокалы (соло, дуэт, трио, квартет).

11. Репертуар орындаушының жас санатына сәйкес келуі керек.

12. Бағдарламаға қатысушы мәлімдеген туындыларды ауыстыру конкурс басталғанға дейін 3 күннен кешіктірілмей мүмкін болады.

13. Шығарма тірі сүйемелдеумен немесе минус фонограмманың сүйемелдеуімен орындалады.

14. Музыкалық сүйемелдеу шығарманың атауы, ауданы/қаласы, орындаушының аты-жөні көрсетілген флэш-тасығышта жазылуы тиіс. Байқауды бастамас бұрын оны модераторларға ұсыну қажет.

15. Бір ән айтуға арналған уақыт 5 минуттан аспайды.

### **V. Байқауды ұйымдастырудың шарттары мен тәртібі**

16. Өткізу күні: **2026 жылдың сәуір айының III онкүндігінде**. Өткізілу уақыты мен орыны қосымша хабарланады.

17. Байқауға барлық ниет білдірушілер алдын ала іріктеусіз қатыса алады.

18. Байқауға қатысу үшін **2026 жылғы 16 сәуірге** дейін жалпы орта немесе қосымша білім беру ұйымы басшысының қолы қойылған өтінімді мына мекенжай бойынша (1-қосымша) нысан бойынша ұсыну қажет: Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 21; тел: 8/7232/ 75-26-91, e-mail: [konkurs.vko@mail.ru](mailto:konkurs.vko@mail.ru) «**Көктем дауысы**» деп белгіленген.

19. Байқауға қатысу ерікті болып табылады, тәрбиеленушілер мен оқушыларды олардың қалауына қарсы конкурсқа қатысуға тартуға тыйым салынады. Конкурсқа қатысу туралы шешімді оқушылар мен олардың ата-аналары (заңды өкілдері) қабылдайды.

20. Демеушілердің, меценаттардың, әлеуметтік серіктестердің, білім беру мекемелерінің қаражаты есебінен бір қатысушының бір сөйлеген сөзі үшін (Банктер комиссиясын есептемегенде) **5000 теңге** ұйымдастыру жарнасы. Төлемді қосымшалар арқылы және терминалдарда: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (ШҚ ҒӘО «Дарын»), Каспий Банкі (ШҚО «Дарын»), «Банк ЦентрКредит» АҚ ғылыми-әдістемелік дамыту орталығы «Дарын») арқылы жүргізуге болады.

21. Ұйымдастыру жарнасын төлеу туралы түбіртектің сканерленген нұсқасын жіберу міндетті шарт: (ұйымдастыру жарнасынсыз өтінімдер қабылданбайды) (Қосымша 2).

22. Байқауға қатысушылар бірнеше номинацияларға қатыса алады. Әрбір жаңа қатысу жеке төленеді және жаңа өтініммен ресімделеді.

23. Байқауды өткізу кезінде мынадай талаптарды сақтау қажет:

- Байқауға қатысушыларды сахнаға ұйымдастыру комитетінің модераторлары қойылымға дейін кемінде 2 (екі) нөмір бұрын шақырады.
- әр ұжым белгіленген уақытта келеді.
- Байқауды өткізу барысында сахнада да, залда да мінез-құлық мәдениетін сақтау қажет.

## **VI. Байқау қорытындысын шығару және қатысушыларды марапаттау**

24. Жеңімпаздарды қазылар алқасы анықтайды. Қазылар алқасының құрамына: вокал бойынша педагогтар, вокалистер – халықаралық және республикалық вокал бойынша конкурстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері кіреді.

25. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады (қатысушыны конкурсқа дайындаған басшының/мұғалімнің т.а. ә. көрсете отырып). Барлық қатысушылар сертификаттармен марапатталады.

26. Марапаттау рәсіміне қатысушы-солистер мен ұжымдар концерттік костюмдермен қатысады.

Анықтама телефоны: 8 (7232) 75-26-91.

## **VII. Байқауды қаржыландыру**

27. Байқауды ДпҚББД ШҚ ҒӘ «Дарын» орталығы бекітілген сметаға сәйкес қаржыландырады.

**«Көктем дауысы»  
облыстық вокалистер байқауына  
ҚАТЫСУҒА ӨТІМ**

---

от \_\_\_\_\_  
(білім беру мекемесінің атауы)

<b>№</b>	<b>Қатысушы ның аты-жөні</b>	<b>Қала/ аудан</b>	<b>Мекемесінің атауы</b>	<b>Сынып/ жасы</b>	<b>Оқытушының аты-жөні, байланыс телефоны</b>	<b>Номинация</b>

(қолы, мөр)